

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы атқару хаттамасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 мамырдағы N 471 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 28 қазанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы атқару хаттамасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасында Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы, әскери ынтымақтастықты нығайту мақсатында және 2002 жылғы 14 наурыздағы Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасында Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге (бұдан әрі - **К е л і с і м**) **с ә й к е с**,

мыналар туралы келісті:

**1-бап**

Түрік Республикасының Бас штабы Келісімнің 2-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне жалпы сомасы 1333500000000 (бір триллион үш жүз отыз үш миллиард бес жүз миллион) АҚШ долларына баламалы түрік лирасына мынадай тізбеге сәйкес материалдар береді:

р/с N	А т а у ы	Е с е п к е а л у	С а н ы б і р л і г і
1	2	3	4

1. LANDROVER Defender - 110 автомобилі (ambulans)		Бірлік	4
2. LANDROVER Defender - 110 автомобилі	Бірлік	6	
3. Асельсан (SK 4024) радиостанциясы	Дана	8	
4. Көшпелі Асельсан (SK 4034) радиостанциясы		Дана	2
5. Сканер	Дана	1	
6. "Инмарсат мини" спутниктік терминалы	Жиынтық	4	
7. Транкингтік жүйелерге телефонды байланыс	Жиынтық	2	
8. Байланыс құралдарына жөндеу жиынтықтары		150 000 АҚШ	
		д о л л а р ы	
	сомасына		
9. Байланыстың транкингтік жүйесін тестілеу үшін өлшеу құралы		Жиынтық	2
10. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің телерадиокешені үшін жабдықтар		75 000 АҚШ	
	сомасына	доллары	
11. Pentium IV компьютерлері		Жиынтық	20

## **2-бап**

1. Осы Атқару хаттамасының шеңберінде техникалар мен жабдықтарды Түрік Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағына дейін жеткізуге және кедендік ресімдеуге, байланысты барлық шығыстарды түрік Тарабы өзіне қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасының аумағында Осы Атқару хаттамасының 1-бабында көрсетілген техникалар мен жабдықтарды кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **3-бап**

Осы Атқару хаттамасы 2002 жылғы 14 наурызда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Атқару хаттамасын іске асыруды Қазақстан Республикасындағы Түрік Республикасының Елшілігі жанындағы Әскери атташенің аппараты жүзеге асыратын болады.

## **4-бап**

Осы Атқару хаттамасының ережелерін талқылау немесе қолдану кезінде даулар және қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

## **5-бап**

Осы Атқару хаттамасына Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Атқару хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін жекелеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **6-бап**

Осы Атқару хаттамасы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2002 жылғы 28 қазан Астана қаласында әрқайсысы қазақ түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Атқару хаттамасының ережелерін түсіндіруде қайшылықтар туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрлігі үшін*

*Түрік Республикасының*

*Бас штабы үшін*